

2003 жылы ауданда көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыруға ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне несие беру туралы

Байзақ аудандық әкімшілігінің 2003 жылғы 25 ақпандағы N 5 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 27 наурызда N 895 тіркелді

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өз мезгілінде өткізу мақсатында, облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 31 қаңтардағы "2003 жылғы облыстық бюджет туралы" XVII сессиясының шешімі және Жамбыл облысы әкімшілігінің 2003 жылғы 28 ақпандағы N 19 "2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы" қаулысына сәйкес аудандық әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2003 жылдың 25 қарашасына дейінгі мерзімде қайтару шартымен облыстық бюджеттен алынған қаражаттар есебінен аудан ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелендіру бағдарламасының әкімшісі болып аудан әкімінің ауыл шаруашылық басқармасы бекітілсін.

2. Аудандағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, тұқым дәрілеушілер, ауыл шаруашылығы машиналарына қосалқы бөлшектер сатып алу, ауылшаруашылығы техникаларын жалға немесе сатып алу үшін облыстық бюджеттен ауданға бөлінген 13 млн. теңге көлеміндегі лимит аудандық ауылшаруашылық басқармасына бөлінсін.

3. 2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру үшін ауданның ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерін несиелендірудің Ережесі бекітілсін (N 1 қосымша).

4. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген 13 млн теңгені осы қаулымен бекітілген Ережеге сай іске асыру, ұйымдастыру мақсатында сараптау комиссиясы қосымшадағы тізімге сәйкес бекітілсін (N 2 қосымша)

5. Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге бөлінген несиені беру тәртібі " Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуді ұйымдастыруға арналған ауданның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу Ережесіне" сәйкес атқару және осы несиені 2003 жылдың 25 қарашасына дейін қайтаруды ұйымдастыру аудан әкімінің ауылшаруашылық және қаржы басқармаларына жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Б. Торғаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н ә к і м і я т ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 5 а қ п а н д а ғ ы

№ 5 "2003 жылы ауданда көктемгі
егіс және егін жинау жұмыстарын
ұйымдастыруға ауыл шаруашылық
тауар өндірушілеріне несиелендірудің беру
туралы" қаулысына N 1 қосымша

2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін аудан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерін несиелендірудің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1. Осы Ережелер көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін 2003 жылғы облыстық бюджеттен бөлінетін несиелік ресурстарды берудің тәртібімен ш а р т т а р ы н б е л г і л е й д і .

2. Өсірілетін ауыл шаруашылық дақылдарының басымдықтарын ескере отырып және олардың егіс алқаптарының көлемдеріне қарап, қайтару мерзімі 2003 жылдың 25 қарашасына дейінгі шартпен облыстық бюджеттен алынған қаражат есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 70 "2003 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін жергілікті бюджеттерді несиелеудің кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес 2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін аудан ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге несиелік ресурстар бөлінеді.

3. Үстеме ақысыз (мүдде) берілген несиелік ресурстар өндірістің негізгі көзі-жер болып табылатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жанар-жағар май материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, тұқым дәрілеуіштер, ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын жалға немесе сатып алу үшін жұмсалуды керек.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 263 және Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 207 субсидияларға жатқызылатын минералды тыңайтқыштардың ассортименті мен көлемін белгілеу туралы бірлескен бұйрығына сәйкес, несиелік ресурстарды бөлгенде минералды тыңайтқыштарды сатып алуға тапсырыс берген ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жобалары басым деп е с е п т е л с і н .

4. Несие беру туралы аудан әкімшілігінің Қаулысына сәйкес аудандық Қаржы бөлімі ауыл шаруашылығы өндірушілерді несиелеу үшін бөлінген қаражатты ауыл

5. 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы негізінде әрекет етуші аудандық ауыл шаруашылық басқармасы несиелік келісім жасайды, соған сәйкес жанар-жағар май, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, тұқым дәрілеуіштер, ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын жалға немесе сатып алуға, несиелік ресурстар ретінде пайдаланылатын қаржының - аудан бюджетіне уақтылы және толық қайтарылуына жауапкершілік ауыл әкімдері мен аудандық ауыл шаруашылық басқармасына жүктеледі.

Бюджеттік несиелік мерзімде қайтарылмаған жағдайда, несиелік алушының кепілдікке қойған мүлкі заңда көрсетілген тәртіпте тіркелінеді.

2. Құжаттарды тапсыру тәртібі

6. Несиелік алушылар несиелік ресурстарын алуға төмендегі құжаттарды іріктеу комиссиясының хатшысына тапсырады: ауыл әкімдерінің ұсынысын, техника-экономикалық негіздемесі бар бизнес-жоспар, меншікке иелік құқығы туралы мемлекеттік тіркеу куәлігімен қоса құжаттар көшірмесі, жер беру актісі мен жарғы және құрылтайшы құжат көшірмесі, соңғы жылдың балансы (заңды тұлғалар үшін), кепілге қойылатын мүлік тізбесі (ауыл әкімдерінің анықтамасы бойынша аудандық жылжымайтын мүліктерді тіркеу мекемесінде тіркелінген және бағасы шығарылған құжаттар бойынша, аналық мал бастары, жылжымайтын және жылжымалы мүліктер кепілдікке қойылады, сонымен бірге сақтандырылған күздік бидай дақылдары да кепілдікке қойылады), салық органдарынан бюджет алдында қарыздары жоқтығы туралы анықтама, сол сияқты өзіне қызмет көрсететін банктен мерзімі өткен қарызы жоқтығы туралы анықтамалар тапсыруы тиіс. Осы көрсетілген құжаттардың біреуі кем болған жағдайда, құжаттар толық болғанға дейін тіркеуге алынбайды.

Несиелік алушының несиелік алу үшін кепілдікке қойылған мүліктерінің құны бизнес-жоспар бойынша сұранысынан 40 пайызға артық болуы тиіс.

Бұл жерде бекітілген лимит бойынша тиісті несиелік ресурстарын алуға несиелік алушылар тапсырылатын тиісті құжаттардың кезегінің сақталуы қатаң қадағалануы к е р е к .

7. Аудандық қаржы органынан берілген анықтамада бұрын берілген бюджеттік несиелік қарыздары болған күннің өзінде, несиелік алушы биылғы алынатын несиелік қосып, бұрынғы қарызын биылғы жылдың өнімінен қайтара алатындай мүмкіншілігі бар деп комиссияда шешілген жағдайда несиелік беруге рұқсат етіледі.

8. Аудан әкімшілігінің Қаулысымен құрылған комиссия шаруашылықтар ұсынған жобаларды аптасына екі рет сараптап, талапқа сай жобаларды аудандық ауыл шаруашылық басқармасына несиелік келісім-шарт жасауға жібереді.

9. Құжаттар қабылдайтын комиссия хатшысы аудандық ауылшаруашылық басқармасында отырады.

3. Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсету тәртібі

10. Бюджеттік несиелерді өтеу тәртібі және қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдер ережесінің 180-186 тармақтарына сай жүзеге асырылады. Бұл жағдайда:

1) Несие алушы несиені мақсатсыз пайдаланғаны үшін аудандық бюджет кірісіне мақсатсыз пайдаланылған соманы құяды, сондай-ақ мақсатсыз пайдаланылған соманың 10 пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді, бұл сома одан кейін облыстық бюджетке қайтарылады;

2) Несие алушы оның қайтарылу мерзімін бұзған жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін қарыз сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде аудан бюджетіне айыппұл төлейді.

4. Бюджет несиелерін есепке алу және бақылау

Бюджет несиелерін есепке алу және бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген несиелер беру 31 тармағына сай жүзеге асырылады.

Аудан әкімшілігінің
2003 жылғы 25 ақпандағы
N 5 "2003 жылы ауданда көктемгі
егіс және егін жинау жұмыстарын
ұйымдастыруға ауыл шаруашылық
тауар өндірушілеріне несиелер беру
туралы" қаулысына N 2 қосымша
Несие алушылардың өткізген құжаттарын
сараптау комиссиясының құрамы:

1. Үкібаев Нұрғали Көбейұлы - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
2. Омаров Бердібек - аудан әкімінің ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Ноғалов Алтынбек Күлжабайұлы - аудан әкімінің ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

4. Бердияров Оспан Ағабекұлы - аудандық аумақтық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы;

5. Етекбаев Изенбай Ордабайұлы - аудан әкімінің ауылшаруашылығы басқармасының бас маманы-есепшісі;
6. Жапаров Егізбай - аудандық шаруа қожалықтары одағының төрағасы;
7. Жексембиев Жарылқасын - аудандық есеп-санақ басқармасының бастығы;
8. Құмғанбаев Жұманғали Серікбайұлы - аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі;
9. Қалмахан Сейіт Пернебекұлы - Байзақ ауданы әкімінің шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету комитетінің төрағасы;
10. Торғаев Бекқали Нұрғалиұлы - аудан әкімінің орынбасары.